

## ҮШІНШІ БАСЫЛЫМҒА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл шағын кітап Санкт-Петербургтегі Еуропа университетінің тарих факультетінде тарихи антропология бойынша он жылдан бері оқып келе жатқан дәрістерім негізінде жазылды. Оқу құралының алғашқы нұсқасы 2000 жылы «Дмитрий Буланин» баспасында жарық көрді, бірақ одан кейінгі жылдары да тақырып аясындағы жұмыс жалғаса берді, оның нәтижелері Ресейдегі және шетелдегі<sup>1</sup> семинарлар мен конференцияларда жасалған бірқатар баяндамаларда, сондай-ақ мақалалар топтамасында [21, 27, 127, 196, 197, 199, 234, 257]<sup>2</sup> көрініс тапты.

Тарихи-антропологиялық зерттеулердің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге автордың тарих ғылымындағы заманауи бағыттар (микротарих, тарихи антропология, жаңа мәдени тарих) қарастырылған халықаралық үш жазғы мектепті өткізуге атсалысуы да ықпал етті. 2001–2003 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті мен Макс Планк атындағы Қоғам тарихы институты аясында өткізілген бұл мектептер антропологиялық тәсілді өз жұмыстарында көптен бері қолданып жүрген Юрген Шлюмбом, Дэвид У.Сэбиан, Гади Альгази сияқты басқа да аса көрнекті тарихшы-ғалымдармен көзбе-көз жолығып, араласуға мүмкіндік берді. 2002–2003 жылдары Гёттинген тарих институтында 2 айлық тәжірибеден өтудің арқасында мен өзімді қызықтыратын тақырыптар бойынша тіпті Ресейдегі ірі кітапханалардың өзінен де табыла бермейтін, анағұрлым жаңа шетелдік әдебиетке қол жеткіздім.

Бұл маған тарихи антропология оқулығының қайта өңделген және толықтырылған екінші басылымын 2004 жылы сол баспадан қайта шығаруға мүмкіндік берді. Мәтінмен жұмыс

---

<sup>1</sup> Ресейдің тарихи антропологиясы туралы Стэнфорд және Мичиган (Энн Арбор) университеттерінде 2001 жылы қарашада, Орталық Еуропа университетінде (Будапешт) 2002 жылы қазандағы конференцияда, Петрозаводск мемлекеттік университетінде 2002 жылы желтоқсандағы семинарда оқылған баяндамалар.

<sup>2</sup> Осында және бұдан әрі қарай тік жақшаға алынған цифрлар кітаптың соңында көрсетілген басылымдардың реттік санын білдіреді.

барысында мен бірінші басылымға қатысты айтылған бірқатар сыни пікірлерді ескердім. Атап айтқанда, маңызы А.Р. Марковтың<sup>3</sup> рецензиясында орынды атап көрсетілген антропологиялық бағыттағы тарихтың қалыптасуының саяси және институционалды контексіне көбірек мән берілді; Ресейдегі тарихи антропология туралы бөлім айтарлықтай кеңейтілді және толығымен қайта өңделді (осы бөлімде ресейлік авторлардың есімі көрсетілмегені үшін мені А.Л. Юргановтың<sup>4</sup> сынағаны негізсіз емес болатын).

Алайда менің тарихи антропология туралы «романым» мұнымен де біткен жоқ. Мен Ю.Шлюмбомның ұсынысымен, микротарих пен тарихи антропология бойынша, ол Д.А. Александров екеуі бірге ойластырған, орыс оқырмандарын тарихи зерттеулердің жаңа бағыттарымен (жарияланымдар жоғарыда аталып өткен халықаралық жазғы мектептердегі жұмыстардың жалғасы болды) таныстыруды мақсат еткен алты томдық аудармалар топтамасын<sup>5</sup> құрастыруға және редакциялауға қатыстым.

<sup>3</sup> Марков А. [Рецензия] // Новая русская книга. 2001. № 2 (9). 63–64-б. Кітапқа рецензия: Кром М.М. Историческая антропология. Пособие к лекционному курсу. СПб., 2000.

<sup>4</sup> Юрганов А.Л. Опыт исторической феноменологии // Вопросы истории. 2001. № 9. 0-б. Шындығы сол, бір қарағанда әділетті көрінетін сыни ескертпені қабылдай отырып, мен тарихи-антропологиялық дәстүрді қалыптастырған ресейлік ғалымдар кімдер деген сауалда сыншымның пікіріне қосыла алмаймын. Мысалы, А.Л. Юрганов «антропологизмді» А.А. Зиминнің ортағасырлық Русьтің саяси тарихына қатысты еңбектерінен табады. Менің ойымша, А.А. Зиминнің 1960–1970 жылдардағы елеулі еңбектерін толықтай дәстүрлі саяси тарихқа жатқызуға болады, бірақ оларды сол жылдары Батыста антропологиялық бағыт ала бастаған тарихқа қоса алмаймыз.

<sup>5</sup> 2003–2008 жылдары «Алатейя» басылымында мына еңбектер жарияланды: Прошлое – крупным планом: современные исследования по микроистории. СПб., 2003 (мынаны қоса қара: [119]); «Семья, дом и узы родства в истории» мақалалар жинағы / Редакторлары: Т.Зоколл, О.Кошелева, Ю.Шлюмбом; ағылшын және неміс тілдерінен аударған К.А. Левинсон; француз тілінен аударған Л.А. Пименова. СПб., 2004; История и антропология: междисциплинарные исследования на рубеже XX–XXI веков: жинақ / ағылшын тілінен аударған К.А. Левинсон; француз тілінен аударған Л.А. Пименова; редакторлары: М.Кром, Д.Сэбиан, Г.Альгази. СПб., 2006 (мынаны қоса қара: [16]); Наука и научность в исторической перспективе: жинақ / редакторлары: Д.Александров, М.Хагнер. СПб., 2007; Человек и природа: экологическая история: жинақ / ағылшын тілінен аударған К.А. Левинсон; редакторлары: Д.Александров, Д.-Й. Брюггемайер, Ю.Лайус. СПб., 2008; Болезнь и здоровье: новые подходы к истории медицины: жинақ / редакторлары: Ю.Шлюмбом және басқалары; жауапты редакторы И.Сироткина; ағылшын және неміс тілдерінен аударған К.А. Левинсон. СПб., 2008.

«Тарихи антропология» жинағын дайындауда маған әсіресе Д.У. Сэбианмен және Г.Альгазисмен бірге жұмыс істеу тәжірибесі ерекше пайдалы болды: бұл жұмыс маған тарихи антропологияның пәнаралық табиғатын өзара туыс гуманитарлық екі ғылым – тарих пен антропологияның ұштасқан жері және диалог алаңы (кітаптың редакторлық кіріспесінде дәл осы перспектива ұсынылған [27]) ретінде жақсы түсінуге көмектесті.

Көп ұзамай итальян микротарихының көрнекті өкілдерімен болған кездесулер де әсерді ұлғайта түсті: 2006 жылы тамызда Санкт-Петербургтегі Еуропа университетінің жазғы мектебі аясында Карло Гинзбург, ал бір жылдан кейін Симона Черутти дәріс оқыды. Жаңа әдебиетпен танысу, сондай-ақ әріптестеріммен пікірлесу маған тарихи антропология туралы кітапты қайта басып шығарту жөнінде ой салды, ал Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті баспасы бұл ойымды жүзеге асыруға көмектесті.

Дәрістер курсының үшінші басылымымен жұмыс істей отырып, мен оның басқаша тарихнамалық контексте болатынын түсіндім: кітаптың бірінші басылымы жарыққа шыққаннан бергі он жыл ішінде Ресейдегі және әлемдегі ғылыми «ландшафт» айтарлықтай өзгерді.

Бәрінен бұрын тарихи антропология мен оған туыстас бағыттар бойынша бірқатар классикалық еңбектердің орыс тіліндегі аудармасы пайда болғанын атап өту керек: ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында бізде бұрын басылған Жак Ле Гофф, Филипп Арьес, Марк Блок, Натали Земон Дэвис кітаптарына К.Гинзбургтің «Ірімшік пен құрттар», Эммануэль Ле Руа Ладюридің «Монтайю», Ж.Ле. Гоффтің «Басқа орта ғасыр», «Ортағасырлық елес» тәрізді жауһарлары, сондай-ақ Роберт Дарнтонның көп пікірталас тудырған «Ұлы мысық қырғыны» [53, 54, 67, 68, 73] кітабы қосылды. Италия мен Германиядағы микротарих бағытының дамуына қызығатындарға енді К.Гинзбург, С.Черутти, Ханс Медик және басқа ғалымдардың еңбектері [10, 102–104, 114–116, 124–126] қолжетімді болды. Ресей оқырмандарының назарына тарихи антропологияның қалыптасуына айтарлықтай ықпал еткен антропологтар мен әлеуметтанушылар еңбектері ұсынылады; соңғы жыл-

дардағы жаңа туындылар қатарында Пьер Бурдые, Клиффорд Гирц, Ирвин Гофман, Мэри Дуглас, Эдвард Э. Эвванс-Причард, Норберт Элиас кітаптарының аудармалары [173, 176–178, 186–188] т.б. бар.

Дегенмен ресейлік оқырманға әлемдік гуманитарлық ойлардың тамаша жетістіктерінен мағлұмат берумен қатар, бұл аудармалар бірқатар мәселелерді де туындатады. Атап айтқанда, терминдер мен ұғымдардың тәржімасына қатысты қиындықтар туады: тіл төл сөздердің әдеттегіден тыс мағынадағы қолданысына «қарсыласады», ал оның мағынасын дәлме-дәл жеткізу аудармашыға ылғи да мүмкін бола бермейді. Бұл автордың айтқысы келген ойының бұрмалануына әкеліп соқтыруы мүмкін; мұндай бұрмалаулар кейде тақырыптан-ақ басталады. Осы арада бір мысалмен шектелейін: америкалық тарихшы Р.Дарнтонның 1984 жылы басылған кітабы түпнұсқа бойынша «The Great Cat Massacre and Other Episodes in French Cultural History» деп аталады, ал жақында жарық көрген орысша аудармасы «Ұлы мысық қырғыны және француз мәдениеті тарихынан өзге де эпизодтар» [68] деп берілген. Алайда ағылшын тіліндегі cultural history мен орыс тіліндегі «мәдениет тарихы» екеуі бір нәрсе емес. Кіріспенің өзінде-ақ автор «этнографиялық бағыттағы тарихты» меңзеп отырғанын нақтылайды [68, 6-б.], одан бөлек, біз «мәдениет тарихы» дегенде әдетте қайсыбір елдің әдебиет, бейнелеу өнері және басқа да салалардағы ірі жетістіктерін айтамыз. Аудармашының «мәдени тарих» деген сөзден қашуға тырысқаны түсінікті. Өйткені «мәдени» деген анықтауыш әзірге, ең алдымен, нақты бір адамға қатысты «тәрбиелі» немесе «білімді» деген мағынада қолданылады. Алайда осы күйінде тақырып автордың ойын анық бұрмалап тұрғандықтан, мұны жақсы шешім деуге келмейді. Бәлкім, «культурологиялық (немесе культуральді) тарих» деген нақтырақ болар ма еді, бірақ бұл ұғым орыс тіліне әлі сіңісе қойған жоқ.

Әрине, мұндай сорақылықтар арнайы талқылауды қажет етеді және солардың бірқатары осы кітапта сөз болады. Дегенмен бұл мәселенің басқа да анағұрлым маңызды жағы бар: тәржімаланған кітаптар жер-жерге және авторлар бойын-

ша да біркелкі таратылмайды; қандай да бір өкілеттік туралы әңгіме қозғау тіпті мүмкін емес. Француз тарихнамасына, соның ішінде атақты «Анналар» мектебіне ішарту анық байқалады. Нәтижесінде, ресейлік гуманитария тұрғысынан, бұл мектеп тарихтағы, соның ішінде тарихи антропологиядағы бүкіл озық нәрсе атаулының синонимі іспетті болып, іс жүзінде бүкіл заманауи тарихи ғылымды ығыстырады. Перспективаның бұлайша бұрмалануы маған аударманың жоғарыда сөз болған кемшіліктерінен де маңызды мәселе сияқты болып көрінеді.

Одан басқа, шетелдік зерттеушілер еңбектерінің аудармаларымен қатар, ресейлік авторлардың да тарихи антропология мен оған туыстас бағыттарға арналған жарияланымдары жыл сайын артып келеді, әрі теориялық мақалалардан бөлек, ресейлік материалдар негізіндегі нақты тарихи зерттеулер де жиі жарық көре бастады. Егер 90-жылдары осы еңбектердің арасында менталдылық тарихы басымдылыққа ие болса, қазір Ресейдің саяси және әскери-тарихи антропологиясы сияқты бағыттардың қалыптасқаны туралы айтуға болады; микротарих бағытында алғашқы қадамдар жасалуда; күнделікті өмір тарихы кеңінен өріс алды. Оқу құралының жаңа басылымында мен Ресей тарихнамасының дамуындағы осы жаңа тенденцияларға назар аударуға тырыстым.

Осылайша тарихи антропология жөніндегі мәліметтер айтарлықтай молайды, ал оны қабылдау аталған оқу құралының бірінші және үшінші басылымы аралығындағы он жыл ішінде біздің елімізде мейлінше өзгерді. Жаңашылдық әсері белгілі мөлшерде азайды, өзіне ұнаған сала (мейлі ол менталдылық тарихы, не күнделікті өмір тарихы немесе басқа өзге бағыт болса да) мүмкіндіктерінің шексіздігіне сенімді болған жаңалық ашушының бастапқы қуанышы антропологиялық бағыттағы тарих пен оның әрі қарайғы даму болашағының қазіргі жағдайын байыпты талдауға қарай ойысуы тиіс.

Тарихи антропологияның құбылмалылығы, бірнеше ондаған жылдар бойы түрлі елдерде бірін-бірі алмастырып келе жатқан түрлердің әралуандығы тарихнамашыға қиындық тудырады. «Тарихи антропология» терминіне кітаптың алғашқы

беттерінде анықтама бермегенім үшін кезінде А.Л. Юрганов: «Тарихи антропологияның ұғынықты түрде негізделмеуі оқырманды тығырыққа тірейді: кітап анықтау мүмкін емес нәрсеге арналған» деп, мені кінәлаған болатын<sup>6</sup>.

Ескерте кетейін, мен тарихи антропологияны «негіздеуді» мақсат етпедім: осынау ғылыми бағыттың пайда болғанына 40 жылдан астам уақыт өткендіктен, бұл кеш әрі екіұшты әрекет болар еді. Л.А. Юрганов мысал келтіріліп отырған мақаласы арқылы негіздеген және бұрын болмаған «тарихи феноменологиядан» айырмашылығы: тарихи антропология – бұл бірнеше ондаған кітаптар мен мақалаларда сөз болған, кең әрі тармақталған тарихнамалық ағым. Э.Ле Руа Ладюридің «Монтайю», Н.З. Дэвистің «Мартен Геррдің оралуы», К.Гинзбургтің «Ірімшік пен құрттар» тәрізді шедеврлері мен Ж.Ле. Гофф, Питер Берк, Д.У. Сэбиан, Х.Медик сынды басқа да зерттеушілердің еңбектерінен кейін тарихи антропологияның өнімділігі күмән тудырмайды. Бізде бұл орайда қалыптасқан, оның өзінде де өте сәтті тарихнамалық тәжірибе бар. Ол тәжірибелердің әралуандығы және бір-біріне мүлде ұқсамайтын жекелеген зерттеу жобаларын біріктіретін қандай да бір ортақ эпистемологиялық алаң бар ма деген нәрсе – бөлек әңгіме. Оны талдау осы кітаптың негізгі сюжеттік желісінің бірін құрайды.

Анықтамаға келсек, Фридрих Ницшенің тұтас процесті білдіретін ұғымдарға анықтама берудің қиындығын атап көрсеткен көпшілікке мәлім ойын еске алған абзал: «тарихтан жүрдай нәрсеге ғана анықтама беруге болады»<sup>7</sup> дейді ол. Бұл сөздер бірнеше онжылдықтар бойы айтарлықтай эволюцияға түсіп, формасы мен кейпін аз өзгертпеген тарихи антропологияға толығымен сәйкес келеді. Сол себепті бұл дәрістер курсында мен әлдебір негізсіз анықтамалар мен жалпы сипаттамалардан бас тартып, шағын кітапша аясында оқырманға тарихи антропологияның жарты ғасырға жуық уақыт ішінде әр мемлекеттегі дамуына мүмкіндігінше нақты шолу ұсынуды ұйғар-

<sup>6</sup> Юрганов А.Л. Указ. соч. С. 40.

<sup>7</sup> Ницше. Ф. К генеалогии морали / Ницше Ф. / К.А. Свасьян. М., 1990. т. 2, С. 457.

дым. Мұндай ағартушылық міндет, меніңше, оқу құралына әбден лайық<sup>8</sup>.

Дегенмен кітаптың бастапқы беттерінде ресми анықтамалардың жоқтығы қарастырылып отырған құбылыс сипаттамасынан шын мәнінде бас тартуды білдірмейді. «Анықтама» деп бір-екі сөйлемнен тұратын ұғымды емес, аталған тарихнамалық құбылыстың «шегін», былайша айтқанда, сарапталып отырған бағыттың тарих ғылымындағы басқа ағымдар арасындағы орнын, ерекшелігін және оны жақтаушылар құп көрген тәсілдердің қолданылу шекарасын көрсетуді түсінер болсақ, онда тарихи антропологияның мұндай анықтамасын кітаптан табуға болады, тек ол үшін шыдамдылықпен аяғына дейін оқып шығу керек.

Мен өзімнің авторлық ұстанымымды жасырмаймын: оқырман өзі куә болатындай антропологиялық бағыттағы тарихтың кейбір түрлері мен нұсқалары маған басқаларға қарағанда анағұрлым жемісті және болашағы зор болып көрінеді. Әйтсе де, мен өзімнің басты міндетім – қандай да бір әдістемелік ұстанымды жариялау емес; күрделі, тіпті, А.Р. Марков айтпақшы, «қызық»<sup>9</sup>, бізге «тарихи антропология» атауымен белгілі заманауи тарихнама құбылысының біртұтас және барынша анық бейнесін көрсету деп түсіндім.

Оқу құралының үшінші басылымында итальян микротарихы туралы бөлім қайта өңделді. Ресей тарихын зерттеудің антропологиялық перспективасы бөлімі соңғы жылдардағы жарияланымдарды ескере отырып толықтырылды. Дәрістер курсы әдебиеттерінің тізімі кеңейтілді.

Кітаппен жұмыс істеудің түрлі кезеңдерінде мен ескертулерін, ақыл-кеңестерін айтып, қажетті материалдарымен бөліскен әріптестерімнің қолдауын үнемі сезініп отырдым. Аса құнды библиографиялық көрсеткіштерін және маған қажетті

---

<sup>8</sup> Мен таңдаған әдісті ресейлік антропологиялық тарихтың негізін қалаушылардың бірі – А.Я. Гуревичтің дұрыс қабылдағанын айтқым келеді. Мэтр бұл кітапта А.Л. Юргановтың «...аталған бағытты сипаттауында жалпылама көп, сол себепті мазмұны да таяз» деп, кемшілік ретінде көрсеткен тұсын, керісінше, еңбектің артықшылығы деп бағалаған. Мен секілді, А.Я. Гуревич те нақты еңбектерді талқылау, олардың ерекшеліктеріне назар аудару дұрыс деп санаған [51, 40-б].

<sup>9</sup> Марков А. Указ. соч. С.64.

кітаптар мен мақалаларды ұсынғаны үшін Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті оқытушылары мен тыңдаушылары, түлектері: Д.А. Александров, О.В. Асташов, Ю.И. Башилов, А.В. Бекасов, А.В. Кушков, И.В. Утехин, О.В. Хархордин, сондай-ақ О.Е. Кошелев (Ресей Білім академиясы, теория және педагогика тарихы институты), профессор Н.Ш. Коллманн (Стэнфорд университеті), профессор Валери Кивельсон (Мичиган университеті), Марен Лоренц (Гамбург университеті) және профессор У.Даниэль (Брауншвайг техникалық университеті) тәрізді әріптестеріме алғыс айтамын.

Мен профессор Ю.Шлюмбомге және Макс Планк атындағы Қоғам тарихы институты (Гёттинген) дирекциясына осы институттың керемет кітапханасында шұғылдануға екі мәрте мүмкіндік бергені үшін айрықша ризашылық білдіремін. А.С. Лавровтың (Париж университеті-8) көрсеткен көмегін де тілмен айтып жеткізу қиын: ол маған Петербургтен таба алмаған мақалалар көшірмесін жіберіп қана қойған жоқ, сонымен бірге кітаптың бастапқы нұсқасының қолжазбасымен таныса отырып, аса маңызды бірқатар сыни пікірлерін де айтты.